



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
А.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ: ҚАЗІРГІ ФОЛЬКЛОРТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

10 қараша, 2021 жыл

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
А.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ:
ҚАЗІРГІ ФОЛЬКЛОРТАНУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

10 қараша, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ 2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ІРГЕЛІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БОЙЫНША ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА
АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША
АР08053219 «ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫН ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ АЯСЫНДА ЗЕРТТЕУ»
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӘЗІРЛЕНДІ

ӘОЖ 398
ҚБЖ 82.3
Ж 28

АР08053219

«Түркі фольклорын жаңа гуманитарлық білім аясында зерттеу» жобасы аясында әзірленді

Жалпы редакциясын басқарған: ҚР ҰҒА академигі,
ф.ғ.д., профессор Д.Қамзабекұлы

Редакциялық алқа:

Ш. Ибраев

Қ. Нұрғали

Б. Қорғанбеков

Қ. Байтанасова

Ж.28 Жаңа гуманитарлық білім: қазіргі фольклортанудың өзекті мәселелері: Халықаралық конференция материалдарының жинағы. – Нұр-Сұлтан: «ZarAiAmi» 2021. – 124 б.

ISBN 978-601-337-582-3

Жинаққа АР08053219 «Түркі фольклорын жаңа гуманитарлық білім аясында зерттеу» жобасы аясында с 2021 жылы 10 қарашада өткен «Жаңа гуманитарлық білім: қазіргі фольклортанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық конференцияның материалдары енгізілді.

Қазақстандық және шетелдік фольклортанушы ғалымдардың, жас зерттеушілердің мақалалары қазіргі фольклортанудың өзекті мәселелеріне, гуманитарлық ғылымдар аясында фольклортану ғылымын зерделеуге, түркі фольклорлық мұрасының түркі ықпалдастығын нығайтудың негізінің интеграциялық аспектісіне арналады.

ҚБЖ 82.3

Ж 28

ISBN978-601-337-356-1

© ҚР БҒМ Ғылым комитеті, 2021
© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021

МАЗМУНЫ

ҚР ҰҒА АКАДЕМИГІ, Ф.Ф.Д., ПРОФЕССОР Д.ҚАМЗАБЕКҰЛЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ	5
<i>А. Султанмурадов.</i> ПОНЯТИЕ КУЛЬТУРЫ И ЕГО ХАРАКТЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ. НАРОДНОЕ ТВОРЧЕСТВО КАК СФЕРА ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ НАРОДА	7
<i>З. Бекбергенова.</i> ИЗУЧЕНИЕ В КАРАКАЛПАКСКОЙ ФОЛЬКЛОРИСТИКЕ РЕПЕРТУАРА ЖЫРАУ И ИХ КОБЫЗА	10
<i>А. Сарманбетова.</i> МИФОЛОГИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ ФОЛЬКЛОРА ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ МИФОЛОГИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ ФОЛЬКЛОРА ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ	15
<i>К. Бегалиева.</i> УСТНОЕ НАРОДНОПОЭТИЧЕСКОЕ ТВОРЧЕСТВО – ВАЖНЫЙ ИСТОЧНИК ПО ИЗУЧЕНИЮ ЭТНОГРАФИИ	21
<i>Л. Арбачакова.</i> ОБРАЗ СТРЕЛЫ В ШОРСКИХ ГЕРОИЧЕСКИХ СКАЗАНИЯХ	39
<i>С. Харламов.</i> ТУРИСТСКАЯ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ РЕГИОНОВ РОССИИ. АЛТАЙСКИЙ КРАЙ	44
<i>Л. Павлинская.</i> ОСОБЕННОСТИ ЛАНДШАФТА В ЭПОСЕ И ОБРЯДОВЫХ ТЕКСТАХ ТЮРКОВ СИБИРИ КОНЦА XIX – НАЧАЛА XX ВВ	49
<i>Г. Саввинова.</i> К ВОПРОСУ О СЮЖЕТНЫХ МОТИВАХ ОЛОНХО И ЭПОСОВ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ	55

<i>Б. Нұрман.</i> ӘЛЕМДІК ФОЛЬКЛОРТАНУДАҒЫ ФЕЙКЛОР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ	58
<i>С. Ярыгин.</i> ДАТИРОВАНИЯ И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ СВЯЗИ АРХАИЧНЫХ ФОРМ ЭПИЧЕСКОЙ ТРАДИЦИИ РАННИХ КОЧЕВНИКОВ	65
<i>Ж. Кишкенбаева.</i> ИЗУЧЕНИЯ ФОЛЬКЛОРА В АСПЕКТЕ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК И ЕГО ТРАКТОВКА В РАЗЛИЧНЫХ НАУЧНЫХ ТРАДИЦИЯХ	71
<i>Х. Маслов.</i> ИСТОРИКО-ПРОСТРАНСТВЕННЫЕ ОСНОВЫ ФЕНОМЕНА ТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	75
<i>Л.Бейсенова, А.Эмиль.</i> КОЧЕВАЯ КУЛЬТУРА ТЮРКОВ В ФОЛЬКЛОРЕ И ЛИТЕРАТУРЕ	81
<i>Б.Ақтайлақ.</i> ТҮРКІ ФОЛЬКОРЫНЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ, ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАНУ ТАРИХЫ	86
<i>Қ.Сарин.</i> БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ	105
<i>М. Ермишова.</i> ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «СҮЙЕК» ҰҒЫМЫНЫҢ КЛОНЦЕПТІЛІК МӘНІ	109
<i>Ж. Кішкенбаева, Х.Маслов, М. Қозыбаева.</i> ЕУРАЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ РЕТРОСПЕКТИВАДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРІ	115

ЕУРАЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ РЕТРОСПЕКТИВАДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРІ

Ж. КІШКЕНБАЕВА

А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Х. МАСЛОВ

А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

М. ҚОЗЫБАЕВА

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бірегейлік ұғымы психология, этнография-этнология, мәдени антропология, әлеуметтану сынды бірқатар гуманитарлық ғылымдардың глоссарийіне енгізілуімен қатар әлеуметтік, экзистенциалды, діни, кәсіби, тілдік, жыныстық психикалық модельді көрсететін күрделі ғылыми мәселеге айналуға. Бірегейлік – адам психикасының ерекше қасиеті, оның сыртқы әлемге қатысты өзін-өзі бейнелеуі, онымен табиғи үйлесуі немесе бірқатар негізгі немесе ресми белгілері бойынша ерекшеленуі. Әр ұлттың өзіндік қайталанбас әлемін тануы арқылы рухани, психологиялық иірімдеріне бойлауында этникалық бірегейлікті түрлі әдістермен танудың маңызы зор.

Этникалық бірегейлік қазіргі ғаламдық жаһандануда постиндустриалды дамуда маңызды елеулі рөл атқаратын формалардың біріне айналуға. Өз кезегінде ол айқын діни ұстаным және әлеуметтік серпіліс жағдайында өзінің этникалық тобын бүкіл әлемге танытудың әрі қарсы қоюдың түбегейлі формаларын қабылдай алады. Сондықтан этникалық бірегейліктің бүгінгі таңдағы формаларын және оның белгілерін зерттеу – қазіргі гуманитарлық ғылым, оның ішінде тарих пәні үшін өзекті болып табылады. Этникалық бірегейліктің негізі өзегі – этноцентризм. Ол тіл немесе сөйлеу белгілері, дене психологиясы – мимика, ым – ишара, антропологиялық нышан, мінез-құлық тұрғысындағы этникалық айқын белгілер сипатындағы этикалық қалыптарды анықтау құралы ретінде әрекет етеді. Бұл белгілер белгілі бір этникалық мәдениеттің әсерінен қалыптасып, қоғамдағы адам мінез-құлқының өзіндік сипатының маңызды бөлігі болып өрістейді.

Этникалық стереотиптің қазіргі ғылыми түсінігі әртүрлі деңгейдегі талдау теорияларын қолданған З. Фрейд, А. Адлердің индивидуалистік теорияларына бастап, К.-Г. Юнг, Э. Фромм, С. Московичи және бірқатар зерттеушілердің нақты әлеуметтік теорияларына дейінгі аралықтағы сан алуан ізденістер үрдісін өткеруде (Тощенко, Хухорева, 2009:124).

Этникалық стереотиптер – ұжымдық, тұрақты, жалпыланған және жеңілдетілген эмоционалды түрде боялған, бір этникалық топтың басқа топ туралы немесе өзі туралы түсінігін білдіретін әлеуметтік стереотиптердің түрлері. Қазіргі гуманитарлық ғылымдағы стереотип ұғымы пәнаралық сипатқа ие десек, ол 1920 жылдары әлеуметтану мен әлеуметтік психологияда барынша дамыды. Өткен ғасырда ол құлашын кеңге жая отырып, коммуникация теориясы, этнология, мәдениет, әдебиет, тіл философиясы және тарих тұрғысынан талдау тақырыбына айналды.

Олар негізінен күнделікті сана деңгейінде қалыптасып, келесі ұрпаққа бір мәнді субъектілер түрінде беріледі. Мазмұны, әдетте, басқа этникалық топтағы адамдардың психологиялық ерекшеліктері мен мінез-құлқы, оның моральдық, ақыл-ой, физикалық қасиеттері, осы қасиеттер туралы пікірлерді бағалау жүйесін белгілейді. Сондай-ақ күрделі табиғатына сәйкес осы қауымдастықтың немесе топтың адамдарына қатысты іс-әрекетке арналған рецепт болуы да мүмкін. Этникалық стереотиптердің мазмұнына факторлардың үш негізгі тобы айрықша әсер етеді. Біріншіден, стереотипті топтың ерекшелігі (оның психологиясы, мәдениетте және күнделікті санада орнықан құндылықтар жүйесі, әлеуметтік-тарихи дамуы). Екіншіден, топтар дамуының әлеуметтік-саяси және экономикалық шарттары және олардың өзара байланысы мен ықпалдастығы кезінде қалыптасқан ерекшелігі. Үшіншіден, тарихи өзара іс-қимылдың ұзақтығы мен тереңдігі. Типологиялық тұрғыдан алғанда этникалық стереотиптер гетеростереотиптер мен автостереотиптерге бөлінеді (Стефаненко, 1999: 227-235).

Автостереотиптер – белгілі бір этникалық топ мүшелерінің өздері туралы асыл мұраты (идеясы). Бұл жағдайда этникалық стереотиптің объектісі болып олардың этникалық тобының ең байырғы типтік өкілдері саналады. Автостереотиптер, әдетте, оң бағалар жиынтығын білдіреді. Десе де кейде этникалық азшылықтар арасында өзін-өзі теріс бағалау көріністері кездеседі. Мәртебесі төмен санаттағы мұндай топтар салыстырмалы түрде алғанда өздерінің қоғамдағы төмен деңгейдегі түрлі әлеуметтік, психологиялық жағдайларымен келісуі не келіспеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда олар теріс автостереотиптерді және оң гетеростереотиптерді дамыта түседі. Тұтастай алғанда автостереотиптер оң және теріс элементтердің тепе-теңдігіне ие болып табылады.

Этникалық гетеро және автостереотиптердің қалыптасуына төмендегі жағдайлардың үш тобы өрісті ықпал ететіне баса көрсетілуде: 1) нормал, құндылықтар, мұрат (идея), императивтердің белгілі бір жиынтығын құрайтын қоғамның саяси, экономикалық және діни жүйелері. Ең дұрысы, бұл жиынтықтың қалыптасуы этникалық элитаның құндылық бейнесіне, шындықты құндылық атрибуттауына тән дәйекті бірлікте байыптауда маңызы зор деуге болады; 2) жеке адамның қоршаған ортасындағы нормалар, құндылықтар, мұраттар мен императивтердің әлеуметтік-психологиялық көрінісі. Десе де коммуникативті байланыстар өз ішінде неғұрлым тұйықталған сайын жеке тұлғаның белгілі бір топ аясында өз табиғатын неғұрлым оңай танитыны анықталды; 3) жеке тұлғаның жеке психологиялық болмысы, яғни тұлға өмірінің нақты фактілерінің жиынтығы (Стефаненко, 1999: 227-235).

Ғылыми зерттеу нысаны ретінде Орта Азияның тува мен қазақтар сынды түркітілдес халқын қарастыруға болады. Таңдау өзегін бағамдағанымызда, бір жағынан халықтардың этникалық жақындығын, екінші жағынан айтарлықтай айырмашылықтардың болуына байланысты туындайтынын назардан тыс қалдырмаймыз.



Бұл бірқатар маңызды тарихи факторларға байланысты екені мәлім. Ең бастысы, қазіргі тувалықтар мен қазақтар Орта Азия көшпенділерінің тікелей этникалық және мәдени ұрпақтары болып табылады. Олардың қазіргі қоныстану ареалы тұтастай алғанда ежелгі түркі халықтарының мекендеу аумағымен ғана емес, сонымен қатар көшпелі өмір салты пайда болған өңірмен де тарихи сабақтас әрі тамырлас. Бұл ретте аталған ұлттар қазіргі этнографиялық уақытқа дейін өмір сүрген арнадағы кейбір жағдайларда белгілі бір дәрежеде жүзеге асыруды жалғастыру үстінде. Сонымен қатар түркі тілдер қайнары аясында бір бұлақтан нәр алғанымен, тувалықтар мен қазақтар оның әртүрлі салаларына жататыны белгілі. Тувалықтар саян, қазақтар қыпшақ тобына жатады. Осы сипаттағы тарихи тамырластық таңдалған тақырыптың аясында қолда бар этнографиялық деректерге тарихи және салыстырмалы талдау жүргізіп, ортақ сипаттарын айқындай түсуге мүмкіндік береді.

Мақала жазу барысында авторлар салыстырмалы-тарихи және типологиялық әдістерге сүйенді. Сонымен қатар жұмыс мақсатына сәйкес нақты материалды саралауда компоненттік талдау, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды.

Тува халқы өздерін тарихи тұрғыда «тыва», «тыва кижі» деп атайды. Олар Азия құрлығының геофизикалық орталығында, Енисей өзенінің жоғарғы бассейнінде (тув. яз. Улуг-Хем) орналасқан Тыва Республикасының таңдаулы (титулды) ұлты.

Конфессиялық діни наным-сенімі буддистер болғанымен, дегенмен дәстүрлі ұстанымдағы мен шаманизм дәстүрі сақталады. Вей, Суй (581-618 жж.) және Тан (618-907 жж.) әулеттерінің Қытай шежірелерінде «дубо», «тубо» этнонимі бар тайпалар туралы алғашқы мәліметтер ерте орта ғасырларға жатады. Этностың түпкілікті шоғырлануы және ортақ этнонимнің бекітілуі ХІХ ғасырдың басына тұсап-түс келеді (Анайбан, Маннай-оол, 2013).

Қазақтар өздерін дәстүрлі ұғымға сай «қазақ» деп атайды. Олар Қазақстан Республикасының таңдаулы (титулды) ұлты. Діни сенімі сунниттік мұсылмандар. Қазақ халқына қатысты тарихи деректер ХІV–ХV ғасырлардағы тарихи оқиғалармен сабақтас. Алтын Орданың ыдырауымен байланысты орын алған маңызды оқиғалар қазақ тарихының белесті кезеңі. Алып империя аумағында Сібір, Қазақ, Қазан хандықтары, Ноғай ұлы құрылды. Этностың терең шоғырлануы ХVІ – ХVІІ ғасырлармен сабақтас.

Ұлттық бірегейлік мәселелерімен айналысатын зерттеушілер республиканың тувалық емес халқына (негізінен орыс) қатысты тувалықтардың автостереотиптеріне орай бірқатар гетеростереотиптерді айқындады. Қазақстан Республикасындағы негізгі этникалық қатынас Тыва сипатындағы көрінгенімен (қазақтар мен орыстар), Қазақстанда осынау өзекті мәселе өте күшті сипатта көрінеді.

Мәселен, тувалықтарға қатысты орыстар байыптауларында «басқыншылық», «оқшаулан» және «өзін-өзі қамтамасыз етудің жоғары деңгейі» сипатталады. Ресейлік ақпарат берушілердің бірінің айтуынша, «басқыншылық (агрессивтілік) – барлық тувалықтардың ішкі мәні». Тувалықтарға тән ұлттық сипаттардың бірі ретінде суық қару – пышақты кию жиі айтылады. Тувалықтарға қатысты респонденттердің басқа топтары «белсенді», «көпшіл», «мақтаншақ», «табанды» деген сипаттағы гетеростереотиптерді атайды (Ооржак, 2019: 38-47).

Тувалықтар өз ұлттарына қатысты астам мінездемелерді қабылдай бермейді. Автостереотиптер қатарында өмірді бағалаудағы «шынайылық», «аңғалдық», «еркіндік», «күш», «сенімділік», «қыңырлық», «эмоционалдылықты» атауға болады (Ананьева, т.б., 2020: 121-138).

Басқа зерттеулерде тувалықтардың «портреті» сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, «мейірімді», «мақтаншақ», «ақылды», «құрметті», «сәл жалқау», «қызғаншақ», «ойланбаған шешімдер қабылдайды», «тез ашуланшақ», «қатал мінезді», «еңбекқор», «талантты», «адал», «батыл», «әрқашан көмекке келеді», «Отанын сүйеді» (Донгак, 2019: 43-48).

Тувалықтар үшін ортақ тұрмыстық белгілердің бірі ретінде дәстүрлі тағамдарда етке артықшылық беру аталады. Ол байырғы мәдени мұраның ажырамас құнды бөлігі ретінде қабылданады.

Тувалық ғалымдардың пікірінше, автостереотиптерге тувалықтардың дәстүрлі түрдегі оқшауланған және қатал табиғи жағдайларда (күрт континентальды) өмір сүруі әсер еткені бар. Ол тек мал шаруашылығында ғана емес, сонымен бірге аңшылық кәсіптерінің едәуір бөлігін қамтыды (Ламажаа, 2018: 70-79).

Қазақстандық студенттер арасында өткізілген биполярлық сараптамаға сәйкес, автостереотиптер мен гетеростереотиптердің орташа есеппік көрсеткіштерінің статистикалық талдауы пайыздық арақатынаста автостереотиптердің психологиялық сипаттамалары төмендегі ұстанымдармен екшелгені байқалды: «қонақжай», «жомарт», «мейірімді», «ақылды», «жақсы», «ашық», «ұнамды» (Алматы қаласының респонденттері); «қонақжай», «мейірімді», «бейбітшіл», «ашық», «ұнамды» (Шымкент қаласының респонденттері); «қонақжай», «сыпайы», «жақсы», «сенімді», «жағымды», «қайырымды».

Қазақтар туралы гетеростереотиптер мына ұғымдарды қамтиды: «көңілді», «қонақжай», «импульсивті», «ақкөңіл», «көпшіл», «отаншыл» және «ұлттық мақтаныш сезімдері күшті» (Аймағанбетова, 2006: 90-100).

Ұлтты сипаттағы басты «қасиеттерді тіркеу» әдісі бойынша жүргізілген басқа зерттеулерде автостереотиптер басымдылығы байқалады: қонақжайлылық – 10 адам, мейірімділік – 8 адам, жалқаулық – 6 адам, патриотизм – 4 адам, ұқыптылық – 3 адам және «кеудемсоқтық» – 2 адам. Сондай-ақ дәстүр, үкендерді құрметтеу, даукестік, тәуелділік, отбасы, қарапайымдылық және басқасипаттағы стереотиптер бойынша бар-бір жауап берілді. Осы әдістемені қолдана отырып, орыстардың қазақтар туралы мынадай гетеростереотиптері анықталды: ауқатты – 4 адам, мейірімді – 3 адам, пейіл тарлығы – 3 адам, өркөкірек – 3 адам, ақ көңіл – 3 адам, қайырымды – 3 адам; 5 адам қазақтар жайында мүлдем білмейтінін айтқан. Жауапкершілігі зор, діншіл, көп балалы, мейірімді, тұйық және басқалар сипатында бір-бір жауап алынды (Андрейченко, 2018: 16-23).

Қазақтар арасында кең таралған тұрмыстық автостереотиптердің бірі – гетеростереотип ретінде кездесетін ет тағамына тәуелділік аталады. Әдетте бұл белгілі бір қасаң өлшеммен екшеледі де орыс немесе еуропалық тағамдарға қарама-қайшы қарастырылатыны бар Қазақ мәдениетінде ет тағамдары ас атасы деп бағаланады (Алибек, Косанбаев, Бегалиева, 2018: 106).

Бір қызығы, егде тартқан ер адам ретінде жиі көзге елестейтін «дәстүрлі» қазақ табиғаты туралы қалыпты белгілердің бірі – ер адамда пышақтың болуы. Бұл атрибут пышақ басты құрал болған кездегі дәстүрлі мәдениеттің экономикалық тетіктерін аңғартады. Соңғы уақытта елдегі қазіргі экономикалық және саяси үрдістердегі дағдарыстарға орай ұлттық мифологияның өсуі байқалды. Сонлай мифологемалардың бірі – қазақтардың тарихи жауынгерлік өр рухтағы тұлғалы сипаты зерделенеді.

Қазіргі қазақ қоғамына қатысты алғанда оның өзіндік күрделі құрылымы бар деп айтуға болады. Бұл ретте рулық, жершілдіктен басқа тілдік белгілері бойынша бөлінудің болғаны



байқалады. Бір қарағанда тілдік тұрғыдан алғанда қазақ қоғамының бір бөлігі басқа бөлікті түсінбейтіндей болып көрінуі мүмкін. Мәселе ақпаратты тұтытуда және әр түрлі тілдік ақпараттық өрістерге енудегі қазақ және орыс тілдерінің өзара түйткілдерінде. Қазақ қоғамы үшін этносты нығайтатын, оның тұрақты жағдайын қолдайтын және одан әрі дамуға мүмкіндік беретін белгілерді зерттеу барынша өзекті. Бұл сипаттар аумақтық оқшаулануына байланысты орыс мәдениетімен өзара іс-қимыл және ықпалдастық үрдісіне аз тартылған қазақтарды тувалықтардан ерекшелендіреді.

Қазіргі кезеңдегі тува және қазақ ұлттары ұқсастығының маңызды бөлігі санатында «өзін» Еуразия көшпелі өркениетімен сәйкестендіру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, көшпелі өмір салтының байырғы мұрасына байланысты орын алған және орын алып отырған таптаурындарды диахрондық аспектіде қарастыру өте қызықты десек болады.

Көне тарих пен құнды тарихи деректерге жүгінсек, көшпенділердің гетеростереотиптері мен автостереотиптері бойынша деректерді бірқатар ежелгі және ортағасырлық жазба дереккөздерінен қарастыруға болады.

Атақты антикалық географ Геродоттың еңбегінде ертедегі көшпенділердің қалыпты сипаттамасы анық байқалатын бірқатар мәліметтер келтірілген. Ең маңыздылары – жеңілмейтін скифтер бейнесі. Оның пікірінше, басты себеп – қалалар мен егістік жерлер болмаса, олар өздерінің мал табындарымен бір жерден екінші орынға оңай көшіп ауысып отырады.

Геродот Скифтердің әскери әдет-ғұрыптарына қатысты этнографиялық құнды мәліметтер келтіреді. «Жылына бір рет өз аймағында әр билеуші шарапты араластыруға арналған ыдыс дайындайды. Бұл тостағаннан жауды өлтіргендер ғана ішеді. Жауды өлтірмегендер бұл ыдыстан шарап іше алмайды, бірақ өз ортасынан аласталғандай шетте отыруы керек. Скифтер үшін бұл ұят. Керісінше көптеген жауларын өлтіргендердің барлығына екі тостағаннан беріледі де олар бірден сіміріп алады» (Геродот, IV, 64-66).

Ал Фукидид болса «Пелопоннес соғысының тарихында» скиф халқы туралы: «97. Бұл соңғылармен еуропалық патшалықтарды салыстыру мүмкін емес, олардың бәрі бірауызды болса да тіпті Азияда скифтерге қарсы тұра алатын адамдар жоқ» деп жазады (Гаркавец, 2005: 81-82).

Страбон жоғарыда айтылғандарды растай отырып, «VII. 4.6... көшпенділер қарақшылардан гөрі жауынгерлер ... Гомер бұл адамдарды бір уақытта «әділ» және «кедей» деп атады. Шынында да, егер оларға жер жалдау ақысы дұрыс төленсе, онда олар ешқашан соғыс бастамас еді». Тайпа туралы айта отырып, Страбон «көршілерге шабуыл жасап, содан кейін келісімдерге ойысатын басқа да көшпелілердің өмір салты осындай сипатта» дейді (Страбон, XI, 3).

Өз кезегінде антикалық дәуір авторы Эфор болса скифтерге жоғары әділеттілік, тақуалық және вегетариандық, қарапайым өмір салты, мүліктік және отбасылық кеңдік, эвномия, жеңілмеу қасиеттері тән екенін көрсетеді. Әрине, скифтерді идеализациялау айқын десек, бұл мәселе Н.С. Широкова, С.А. Тахтаджян жұмыстарында арнайы қарастырылған (Широкова, 1979: 124-138; Тахтаджян, 2001).

Кейінірек тарихшы IV. в. Аммиан Марцеллин көшпелі Алан тайпалары туралы: «Олар түрлі әскери мәнердегі жаттығулардың тамаша жауынгерлері. Сондықтан скиф тектес парсылар әскери істерде өте тәжірибелі» (Аммиан Марцеллин, XXXI, гл. 2, 17-25) деп жазды. Басқа үзінділерде «ұрыста қайтыс болған адам бақытты деп саналады... ал қартайғанға дейін өмір сүріп, табиғи өліммен өлгендерді нақұрыс пен қорқақ сияқты аяусыз мазақ етеді» (Аммиан, 2015: 22), сондай-ақ «олар адамды өлтіру сияқты мәнсіз іспен мақтанбайды, даңқты олжа

түрінде өлтірілгендердің терісін соғыс тұлпарларына іліп қояды» деп көрсетеді (Аммиан, 2015: 22).

Көне және ерте орта ғасырлар тоғысында Шығыс Еуропада көшпенділердің жаңа жойқын легі пайда болды. Олар туралы Агафийдің Савирге қатысты айтқан сөзіне дейін келтіруге болады: «Соғыс пен тонауға дейін өте үлкен және алып, өте ашкөз, үйден тыс жерде өмір сүруді жақсы көреді, әрқашан бейтаныс адамды іздейді, бір ғана пайда мен олжа үміті үшін бір-біріне қосылып, досынан жауға айналады. Өйткені бірде римдіктермен, бірде парсылармен одақтасып соғысып, енді бірде өзара соғысып, жиған-тигендерін талан-таражға салып сатып жатқаны» (Левченко, 1953: 116-117).

Тұтастай алғанда, ерте кезеңдегі көшпелілерге қатысты байырғы мәдениетте әскери агрессивті сипаттағы көзқарас үстем болғанымен, бірақ одан әділ және адал адамдар мен қауымдастықтардың нақты бейнесі қалыптасқаны анық.

Дала белдеуінің екінші жағында, яғни Қытайда Жүніс және Дисцілік (дисцы) тайпаларымен тығыз байланыс нәтижесінде Солтүстік Қытайдың ерте көшпелілерінің әскери агрессивтілігі туралы нақты сипаттағы гетеростереотиптер пайда болды.

Оған мысал ретінде «Го юй» ден мысал келтіруге болады: «[15] Дисціліктер (дисцы) үлкен шошқалар сияқты ашкөз, ал қасқыр немесе қасқыр сияқты ашкөз, оларды қанықтыру мүмкін емес» (Таскин, 1987: 286). Басқа үзіндіде өзгеше контексте «[20] ...сонымен қатар тұтас қаңқалар тек жундар (жуны) мен дискіліктерге (дисцы) ғана беріледі, бірақ олар дәрекі және ұры, ұқыпсыз және тәртіпсіз, ашкөз және мызғымас. Олардың қызуы тежелмейді, сондықтан олар жабайы аңдар мен құстарға ұқсайды» деп сипатталады (Таскин, 1987: 288-289).

Дао-гун жауынгер жундар (жуны) мен дискіліктер (дисцы) «[163] ...туралы: «Жундар мен дискілер туыстық қатынастарды сақтамайды және басып алуға бейім, оларға шабуыл жасаған дұрыс» дейді. Вэй Цзян болса: «жундарға қарсы жорықта әскерді шаршату - бұл чжухудың орталық жазығындағы адамдардан айрылу. Біз [жорықта] сәттілікке жетейік, нәтижесінде жабайы аңдарды аламыз, бірақ адамдардан айырыламыз. Оларды қалай пайдалануға болады? Оның үстіне жундар (жуны) мен дискіліктер (дисцы) жер үшін өмір сүріп, жерге аса ұқыптылықпен қастерлей қарайды» деп түйеді (Таскин, 1987: 490).

Айта кету керек, жазбаша дереккөздерде оң стереотиптермен салыстыруға болатын кейбір мәліметтер пайда болды. Олар қонақжайлылық пен адалдықты ұсынады. [107] Вэнь-гун он екі жыл бойы дисктермен бірге болғаннан кейін, Ху Ян: «бір кездері біз мұнда дисктер арасында қуаныш табу үшін емес, өз ісімізді аяқтау үшін келдік. Содан кейін Мен: «біз дисцтерге жүгіреміз, оларға жету оңай, егер біз өте мұқтаж болсақ, олардан қанағат аламыз, демалып [олардың арасында], Біз қоныстануға болатын ең ыңғайлы орынды таңдаймыз...» (Таскин, 1987: 435). Стереотипке Чжун-Эр мен оның Дисней әйелінің диалогы кіруі мүмкін: «әйеліне жүгініп, Чжун-эр: «мені жиырма бес жыл күт, егер Мен осы мерзімнен кейін келмесем, басқасына үйлен», - деді. Әйелі күліп: «жиырма бес жылдан кейін менің қабірімде үлкен кипарис өседі, бірақ мен сізді әлі күтемін (Таскин, 1987: 453).

Қытай дереккөздері көшпелілерге қатысты ежелгі стереотиптердің жиынтығын көрсетеді. Автостереотиптерді талдау әрне күрделірек. Бұл көшпенділердің өздері туралы пікірлері бізге сол жазбаша дереккөздер арқылы келгенімен байланысты болса керек. Сондықтан олар мәтін авторларының гетеростереотиптерінің жаңғырығы болуы мүмкін.



Самосат Лукиан Токсарис скифинің аузына келесі сөздерді дарытады: «Бізде үнемі соғыс жүріп жатыр, біз басқаларға шабуыл жасаймыз немесе шабуылдарға төтеп береміз немесе жайылымдар мен олжаларға байланысты шайқасқа шығамыз...» (Гаркавец, 2005: 319-320).

Мұны Хундарға қатысты Ши Цзи туралы жазба жолдарда Чонгхан Юэ былай дейді: «... ашық түрде соғысты өз кәсібі деп санайды» (Таскин, 1968: 46).

Мың жылдан кейін 513 жылы Захари Ритордың айтуынша, савиралар Иранмен келіссөздерде жоғарыдағы мәтінмен сарындас ұқсас сөздерді айтады: «Ббіз қару-жарақпен, садақпен және қылышпен өмір сүреміз және ет тағамдарының барлығын қолдаймыз» (Пигулевская, 1941: 149-150).

Ежелгі түркі руникалық ескерткіштері ерте орта ғасыр дәуіріндегі көшпелі қоғамдарда өмір сүрген автостереотиптер табиғатын шынайы танудың өзегі болып табылады.

Мәселен, Онгин сына тастарынан: «1. Мен көптеген қалаларға шабуыл жасадым, басып алдым, оның әскері келді. Халық оларды мені таң қалдырды, олардың бегі қашты... болды ... табғач халқы ... мен жеңдім, ұрдым, сындырдым, жеңдім ... олардың өліміне дейін» (Малов, 1959: 50).

Басқа мәтіндерден, атап айтқанда Білге қаған, Күлтегін тұлғалары ортағасырлық көшпенді үшін өзін-өзі танудың маңызды бөлігі болғанын түсінуге болады. Алайда басқа автостереотиптер ұшырастып отырды. Күлтегін мәтінінде түріктерге қатысты мынадай жолдар келтірілген: «... және оның үстінен билік құрған қағанға (сол кезге дейін) өлім әкелді; табғаш халқы өздерінің мықты ер ұрпақтарының құлы және өздерінің таза әйел ұрпақтарының құлы болды. Түркі билеушілері өздерінің түркі есімдерін (яғни, атақтары мен атақтарын) қосып, табғаш халқы билеушілерінің атағын қабылдап, табғаш халқының қағанына бағынды» (Малов, 1951: 39-40). Түркі әйелдері таза, ал ер адамдар мықты болып көрінуінен гендерлік рөлдерінің айқын кейпі танылады.

Түркілердің табғачтарға (қытайларға) қатысты гетеростеротиптерін атап өту маңызды дер едік. Оларға түркілерге айлакер, опасыз, бай болып көрінеді: 5. Табғач халқы (бізге қазір) «шектеусіз алтын», «күміс», «ішімдік» (немесе: астық) және «жібек» (әрдайым) деп» тәтті сөз сөйледі. Зергерлік бұйымдары «сәнді» зергерлік бұйымдары арбай отырып, олар соншалықты (яғни өте) алыс (өмір сүрген) халықтарды қатты қызықтырды. (Сол) жақын орналасып, содан кейін олар өздеріне жаман қасиеттерді сіңірді. 6. Табғч халқы мен олардың жақтастары (шынайы жолдан) жақсы және ақылды адамдарды, асыл тұлғаларды аластай алмады (алмады). Бірақ егер (жеке тұлғалар) түркілерден (және азғырылған) болса, онда бүкіл рулар (тіпті) жекжаттарға дейін (неке туысына дейін) қабылданбады (Малов, 1951: 34-35).

Жоғарыда зерделенген күрделі де қызықты мәселелерден келесі қорытынды жасауға болады. Көшпенділер автостереотиптерінің (жауынгерлік рух, ет тағамдары, қонақжайлылық) және гетеростереотиптердің оларға қатысты нақты сәйкестігі аңғарылады. Бұл күрделі құбылысты қалай түсіндіруге болатындығы туралы айқын сұрақтар туындайтыны анық. Көшпелілердің үнемі үдемелі қозғалыстағы өмір салты физикалық және психологиялық ұтқырлыққа ие ерекше қоғамдардың қалыптасуына әсер етті. Кейбір мәтіндерде кездесетін көшпенділер болмысына қатысты түйткілдер, бұл «қатал» примитивизм рухындағы әсерлеудің (идеализация) нысаны бола алатын көшпелі өмір салтымен байланысты деп болжауға болады (Тахтаджян, 2001).

Тарихи дереккөздерден көрініп тұрғандай, ұзақ тарихи дәуірлерде гетеростереотиптердің де, автостереотиптердің де тұрақтылығы орын алып отырды. Бұл өз кезегінде тувалықтар да,

қазақтар да этнографиялық тұрғыда қазіргі заманға дейін қолданған көшпелі өмір салтының күшті консервативті тұрақты сипатынан туындайды. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өмір салты мен шаруашылық түріне байланысты мінез-құлық үлгілері скифтерге де, ортағасырлық түріктерге де тән болғаны тарихтан мәлім. Ал олардың бірқатары қазіргі тува және қазақ қоғамында кездеседі.

Бұл кестеде көріп тұрғанымыздай, автостереотиптер үш негізгі топқа топтастырылған. Ежелгі уақытта да, қазіргі кезеңде де олар көбінесе экономиканың белгілі бір түрімен айналысатын қоғамның бөлігі ретінде адамға қойылатын жалпы талаптарға байланысты болып келеді. Әр этносының идеалды дәстүрлі өкілі туралы идеяға сүйенуі әр алуан болған.

Ежелгі және қазіргі заманғы стереотиптерді салыстырмалы талдауға сүйене отырып, олардың белгілі бір сабақтастығы туралы айтуға болады. Гетеростереотиптер тобында бес маңызды нысан сәйкес келеді. Автостереотиптер тобында басты-басты үш нысан бар. Стереотиптердің негізгі бөлігі, әрине, әлеуметтік-экономикалық ұйымның алдыңғы формалары және басым экономикалық сипаттағы көшпелі мал шаруашылығымен байланысты. Тувалықтар мен қазақтар мәдениетінің «дәстүрлі мәдениетке» жақындығы шаруашылық жүргізудің осы нысандарына тікелей хронологиялық жақындығымен көрінеді. Бұл ретте маңызды фактор ретінде бұрынғы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін барлық халықтарды қамтыған ойлаудың архаизациясын баса көрсетеміз. Ол әр ұлттың ұлттық қасиеттерін жаңғырту талабынан туындап жатты. Ұлттық сана-сезімдегі сілкініс қасиетті дінін, ата тарихы, ана тілін, рухани құндылықтарын жаңаша бағамдауға түбегейлі жол ашты. Күні кеше «ұлтшыл» деп айыптауға негіз болған тоталитарлық жүйе қасаңдықтардан арылу талабы ұлттың өзін өзі тануына мүмкіндік беріп отыр.

Осы бағыттағы өзекті мәселелерді одан әрі зерттеу теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті болып қала береді. Қазіргі заманғы жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтарды сақтап қалудағы стереотиптердің атқаратын рөлін түсіну және нақты көрсету қажет. Жағымсыз стереотиптерден туындаған оң немесе қайшылықтарды жою мүмкіндіктерін анықтау барынша маңызды.

Ғылыми мақала 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша АР08053219 «Түркі фольклорын жаңа гуманитарлық білім аясында зерттеу» жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Әдебиеттер

- 1 Агафий. *О царствовании Юстиниана* / пер., статья и примеч. М.В. Левченко. М.; Л.: Изд-во Академии наук СССР, 1953. 232 с.
- 2 Аймаганбетова О.Х. *Кросс-культурное исследование структуры межэтнических отношений: Социально-психологический аспект*. Алматы: Нурпресс, 2006. 236 с.
- 3 Алибек С.Н., Косанбаев С.К., Бегалиева А.К. *Этнология Казахстана: история и современность*. - Монография. Алматы, 2018. 155 с.
- 4 Аммиан Марцеллин. *Римская история* / перевод с латинского Ю.А. Кулаковского и А.И. Сонни. М.: АСТ: Ладомир, 2005. 631 с.
- 5 Анайбан З.В., Маннай-оол М.Х. *Происхождение тувинцев. История вопроса* [Электронный ресурс] // Новые исследования Тувы. Электр. журнал. 2013, № 3. URL: <https://www.tuva.asia/journal/>



issue_19/6487-anaуbaп-taппaуoo1.html (дата обращения: 28.01.2021).

6 Ананьева К.И., Басюл И.А., Демидов А.А., Товуу Н.О. Авто- и гетеростереотипы тувинцев и коми: анализ соответствия // Экспериментальная психология. 2020. Том 13. № 2. С. 121–138.

7 Андрейченко А.А., Присяжная А.Д., Фонтанецкая Е.Г. Этнические стереотипы казахской и русской молодёжи // Вопросы науки и образования. 2018. №16 (28). С.16–23.

8 Великая Степь в античных и византийских источниках: Сборник материалов/составление и редакция Александра Николаевича Гаркавца. Алматы: Баур, 2005. 1304 с.

9 Геродот. История в девяти книгах / перевод и примечания Г.А. Стратановского, под общей редакцией С.Л. Утченко. Ленинград: Изд-во Наука, 1972. 600 с.

10 Го юй (Речи царств) / Пер., вступление (стр. 3–22) и прим. В.С. Таскина. Отв. ред. М.В. Крюков. М.: Наука (ГРВА), 1987. 472 с.

11 Донгак В.С. Этническая идентичность тувинцев и хакасов в сравнительном плане // Современные этнические процессы на территории Центральной Азии: проблемы и перспективы: сборник материалов второй Международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию со дня образования исторического факультета Тувинского государственного университета (г. Кызыл, 17-18 октября 2019 г.). Кызыл: Изд-во ТувГУ, 2019. С. 43–48.

12 Ламажаа Ч.К. Национальный характер тувинцев. М.; СПб.: Нестор-История, 2018. 240 с.

13 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.-Л.: 1959. 112 с.

14 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. М.-Л.: 1951. 451 с.

15 Ооржак Л.Н. Влияние национально-психологических особенностей тувинцев на взаимоотношения в коллективе // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. 2019. Т.8. № 5А. С. 38-47.

16 Пигулевская Н.В. Сирийские источники по истории народов СССР / отв. редактор В.В. Струве. М.; Л.: Издательство Академии наук СССР, 1941. 170 с.

17 Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. М.: Институт психологии РАН, «Академический проект», 1999. 320 с.

18 Страбон География. [Электронный ресурс]. URL: <http://ancientrome.ru/antlitr/t.htm?a=1260070000#4-6>, (дата обращения: 10.10.2020).

19 Таскин В.С. Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). М.: Наука, 1968. 178 с.

20 Тахтаджян С. А. Скифы Эфора: источники идеализации: автореферат дис. ... кандидата филологических наук: 10.02.14 / Санкт-Петербург. ун-т. Санкт-Петербург, 2001. 27 с.

21 Тоценко Ж.Т., Хухорева О.Н. Стереотип // Тезаурус социологии. Тематический словарь-справочник / Под ред. Тоценко Ж.Т. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2009. 487 с.

22 Широкова Н.С. Идеализация варваров в античной литературной традиции // Античный полис. Вып. V. Л.: 1979. С. 124-138.

23 Shirokova N.S. Idealizatsiya varvarov v antichnoy literaturnoy traditsii [The Idealization of barbarians in the Ancient Literary Tradition] // Antichnyy polis. Вып. V. L.: 1979. S. 124-138. [In Russian].